**Өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 563 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 шілдеде № 11636 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 457 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.09.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру " мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттауға және импорттауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Инвестициялар және даму министрі* *Ә. Исекешев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
___________________Е. Досаев
2015 жылғы 11 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына 1-қосымша

## "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу , сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі құжаттар топтамасы порталға тапсырылған сәттен бастап:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 10 (он) жұмыс күні;

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні;

3) көрсетілетін қызметті алушы бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 10 (он) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету - электрондық түрде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және ( немесе) лицензияға қосымша, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы не осы мемлекеттік қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізінде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде лицензиялық алым 22 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алым - лицензия беру кезіндегі ставканың 10 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес өтініш берушінің ЭСҚ куәландырылған, электрондық құжат түріндегі заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлем жүргізу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес өтініш берушінің ЭСҚ куәландырылған, электрондық құжат түріндегі заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес өтініш берушінің ЭСҚ куәландырылған, электрондық құжат түріндегі заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым төлегенін растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі;

4) тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтер алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, лицензияның телнұсқасын алу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, ЭҮТШ арқылы төленген туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) осы стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттардың ұсынылмады;

2) көрсетілетін қызметті алушының лицензияны алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталғанда;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

4) лицензиялық алым енгізілмеген;

5) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

6) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;

7) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

8) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не Министрлік басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңселсі арқылы немесе портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында, оның тегі, аты-жөні, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымда көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылу керек.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде, шағымды қабылдаған адамның тегі мен атын, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсеті отырып, тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинет" өтініші туралы ақпаратқа қолжеткізуге болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес ) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңды тұлғаның шағымында, оның атауы, пошта мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымда көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылу керек.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзгеде талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда:

1) Министрліктің - www.miid.gov.kz;

2) көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.miid.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сі болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефоны: 1414, 8 800 080 7777.

"Жарылғыш және<br>пиротехникалық<br>(азаматтықты қоспағанда)<br>заттар мен олар қолданылып<br>жасалған бұйымдарды әзірлеу,<br>өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау<br>жөніндегі қызметті жүзеге<br>асыруға лицензия беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызмет стандартына<br>1-қосымша<br>Нысан

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

______________________________________________________________.

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_____________________________________________________________.

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

Сізге лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны енгізуді сұраймын

______________________________________________________________.

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

Заңды тұлғаның мекенжайы _______________________________________.

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта __________________________________________.

Телефондары ________________________________________________.

Факс ____________________________________________________________.

Банк шоты _______________________________________________________.

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

____________________________________________________________.

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,

үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

1) көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуг болатындығы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

3) қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

4) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

__________________________

(ұйым басшысының қолы, тегі,
аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) ұйым басшысының
электрондық цифрлық қолтаңба

"Жарылғыш және
пиротехникалық
(азаматтықты қоспағанда) заттар
мен олар қолданылып жасалған
бұйымдарды әзірлеу, өндіру,
сатып алу, өткізу, сақтау
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға жеке тұлғаның өтініші

__________________________________________________________________.
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
_________________________________________________________________.
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендңру нөмірі)

Сізге лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны енгізуді сұраймын
__________________________________________________.
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ____________________.
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы үй/ғимарат)

Электрондық пошта ________________________________________.
Телефондары ________________________________________________.
Факс _______________________________________________________.
Банк шоты __________________________________________________.
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы
___________________________________________________________.
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

1) көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе

беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуг болатындығы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

3) қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

4) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

____________________________
(ұйым басшысының қолы, тегі,
аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) электрондық
цифрлық қолтаңба

"Жарылғыш және
пиротехникалық
(азаматтықты қоспағанда) заттар
мен олар қолданылып жасалған
бұйымдарды әзірлеу, өндіру,
сатып алу, өткізу, сақтау
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

## Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу , сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер

1. Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы:

1) заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ______________________________ _;

лауазымы ____________________________________________________________ __;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні ____________________________;

білімі бойынша мамандығы _____________________________________________;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні ______;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы ______________________________;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні ______________;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы __________________;

2) тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған тиісті оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандар:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _______________________________;

лауазымы ______________________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен қол қойылған күні ___________________________________________________________________________;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі _________________________________________;

білімі бойынша мамандығы _____________________________________________;

техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні _____________;

дипломды берген оқу орнының атауы _____________________________________;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні______________;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы__________________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәліктің немесе хаттаманың нөмірі мен берілген күні _______________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәлікті немесе хаттаманы берген ұйымның атауы ___________________;

3) меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі қоршалған, оқшауланған қолданыстағы нормативтерде көзделген тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына жауап беретін және:

мамандандырылған өндірістік ғимаратты _________________________________ _;

арнайы жабдықталған қойманы __________________________________________ _;

жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайды қамтитын өндірістік-техникалық базасы _____________________________________ _______;

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері)_______________ _;

егер өзге заңды негізде болатын жағдайда, шарттың нөмірі мен шартқа қол қойылған күні ____________________________________________________________;

шарт жасалған ұйымның атауы __________________________________________ _;

қоршаудың, оқшаулаудың болуы, тұрғын және өндірістік объектілерден қашықтығы туралы ақпарат, метрде _______________________________________;

4) ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш және пиротехникалық ( азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың тәжірибелік үлгісін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың тәжірибелік үлгісін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың бар екені туралы ақпарат ___________________________________;

5) күзет қызметі субъектісімен жасалған, атыс қаруын қолдана отырып өндірістік-техникалық базаны күзетуге арналған шарт:

өндірістік-техникалық базаны күзетуге арналған шарттың нөмірі мен қол қою күні_________________________________________________________________;

шарт жасалған күзет қызметі субъектісінің атауы және БСН (жеке күзет ұйымы үшін лицензия нөмірі және берілген күні).

2. Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өндіру жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы:

1) заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын

қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _________________________________;

лауазымы ____________________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні _______________________________;

білімі бойынша мамандығы __________________________________________________;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні _______;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы _________________________________;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні ________________;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы ____________________;

2) тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған тиісті оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен:

жабдықтарды, тетіктерді, құрылғыларды, жарақтарды, көлікті, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканы пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін, технологиялық регламенттің орындалуын, периметр мен қоршаған ортаның қорғалуын бақылауды;

метрологиялық қамтамасыз етуді, кіру бақылауы мен дайын өнім сапасын қамтамасыз ететін білікті мамандар:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _________________________________;

лауазымы ____________________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен қол қойылған күні

______________________________________________________________________;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі _______________________________________;

білімі бойынша мамандығы __________________________________________________;

техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні ____________
_;

дипломды берген оқу орнының атауы ___________________________________
_;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні _____________
_;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы ________________
_;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәліктің немесе хаттаманың нөмірі мен берілген күні ______________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәлікті немесе хаттаманы берген ұйымның атауы __________________;

қызметтерді құру және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың нөмірі мен қол қойылған күні ______________________________;

3) ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш және пиротехникалық ( азаматтықты қоспағанда) заттарды дайындауға арналған технологиялық процестің регламенті мен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттарды дайындауға арналған технологиялық процестің регламенті мен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың бар екені туралы ақпарат

_______________________________________________________;

4) меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі қоршалған, оқшауланған қолданыстағы нормативтерде көзделген тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына жауап беретін және:

мамандандырылған өндірістік ғимаратты;

арнайы жабдықталған қойманы _______________________________________
_;

жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайды қамтитын

____________________________________________________________;

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері) _____________
_;

егер өзге заңды негізде болған жағдайда, шарттың нөмірі мен қол қойылған күні

_________________________________________________________________;

шарт жасалған ұйымның атауы _______________________________________
_;

қоршаудың, оқшалаудың болуы, тұрғын және өндірістік объектілерден қашықтығы туралы ақпарат, метрде ________________________________________;

5) күзет қызметі субъектісімен жасалған, атыс қаруын қолдана отырып, өндірістік-техникалық базаны күзетуге арналған шарт:

өндірістік-техникалық базаны күзетуге арналған шарттың нөмірі мен қол қойылған күні шарт жасалған күзет қызметі субъектісінің атауы және БСН (жеке күзет ұйымы үшін лицензия нөмірі және берілген күні) _______________.

3. Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу және өткізу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы:

1) заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _______________________________;

лауазымы ________________________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні ____________________;

білімі бойынша мамандығы _________________________________________________;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні ______;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы _____________________________;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні ______________;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы ___________________;

2) тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған тиісті оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандар:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _______________________________;

лауазымы ________________________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен қол қойылған күні ______________ _;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі ________________________________________ _;

білімі бойынша мамандығы _____________________________________________ _;

техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні ____________ _;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы ____________________________ _;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні _____________ _;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы ________________ _;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәліктің немесе хаттаманың нөмірі мен берілген күні ______________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәлікті немесе хаттаманы берген ұйымның атауы __________________;

3) меншік құқығындағы қоршалған, оқшауланған, қолданыстағы нормативтерде көзделгендей тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына жауап беретін жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған арнайы жабдықталған қойма:

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері)______________ _;

қоршаудың, оқшаулаудың болуы, тұрғын және өндірістік объектілерден қашықтығы туралы ақпарат, метрде ________________________________________;

4) күзет қызметі субъектісімен жасалған, атыс қаруын қолдана отырып, арнайы жабдықталған қойманы күзетуге арналған шарт:

өндірістік-техникалық базаны күзету туралы шарттың нөмірі мен қол қойылған күні___________________________________________________________ _______;

шарт жасалған күзет қызметі субъектісінің атауы және БСН (жеке күзет ұйымы үшін лицензия нөмірі және берілген күні)____________________________ _____.

4. Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды меншікті өндірістік қажеттіліктер үшін сатып алу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы:

1) заңды тұлға басшысының немесе оның орынбасарының, оның ішінде оның филиалы басшысының немесе оның орынбасарының, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлғаның жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы (пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды меншікті өндірістік қажеттіліктері үшін сатып алатын шаруашылық субъектілері үшін осы тармақ бойынша мынадай мәліметтер ұсыну талап етіледі):

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ______________________________ _;

лауазымы ____________________________________________________________ __;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні ___________________ _;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі ________________________________________ _;

білімі бойынша мамандығы _____________________________________________ _;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні _____ _;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы ______________________________ _;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні ______________ _;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы _________________ __;

2) тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған тиісті оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандар (пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды меншікті өндірістік қажеттіліктері үшін алатын шаруашылық субъектілер үшін осы тармақ бойынша мәліметтер ұсыну қажет етілмейді):

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ______________________________ _;

лауазымы ____________________________________________________________ __;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні ___________________ _;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі ______________________________________
_;

білімі бойынша мамандығы ____________________________________________
_;

техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні ____________
_;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы ____________________________
_;

жарушының бірыңғай кітапшасының нөмірі мен берілген күні _____________
_;

жарушының бірыңғай кітапшасын берген ұйымның атауы ________________
__;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен туралы куәліктің немесе хаттаманың нөмірі мен берілген күні

__________________________________________________________________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен туралы куәлікті немесе хаттаманы берген ұйымның атауы __________________;

3) меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі қоршалған, оқшауланған, қолданыстағы нормативтерде көзделгендей тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына жауап беретін жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған арнайы жабдықталған қойма:

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері) _____________
_;

егер өзге заңды негізде болған жағдайда, шарттың нөмірі мен қол қойылған күні

__________________________________________________________________;

шарт жасалған ұйымның атауы ________________________________________
_;

қоршаудың, оқшалаудың болуы, тұрғын және өндірістік объектілерден қашықтығы туралы ақпарат, метрде ______________________________________;

4) күзет қызметі субъектісімен жасалған, атыс қаруын қолдана отырып, арнайы жабдықталған қойманы күзетуге арналған шарт:

өндірістік-техникалық базаны күзету туралы шарттың нөмірі мен қол қойылған күні

__________________________________________________________________;

шарт жасалған, күзет қызметі субъектісінің атауы және БСН

(жеке күзет ұйымы үшін лицензия нөмірі және берілген күні) ______________ _______.

5. Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды меншікті өндірістік қажеттіліктер үшін сақтау жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына жауап беретін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі жарылғыш материалдарды сақтау орны ( орналасқан жері):

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері) ______________ _;

жалға алған жағдайда шарттың нөмірі және шартқа қол қою күні___________ ______________________________________________________;

шарт жасалған ұйымның атауы ________________________________________ _;

2) қойма иесі мен күзет қызметі субъектісі арасында жасалған, атыс қаруын қолдана отырып күзетуге арналған шарт:

жарылғыш материалдардың қоймасын күзетуге арналған шарттың нөмірі және қол қойылған күні __________________________________________________ ___;

күзет қызметі субъектісіне арналған лицензияның сериясы, нөмірі, берілген күні_______________________________________________________________;

3) заңды тұлғаның атауы және БСН.

"Жарылғыш және
пиротехникалық
(азаматтықты қоспағанда) заттар
мен олар қолданылып жасалған
бұйымдарды әзірлеу, өндіру,
сатып алу, өткізу, сақтау
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

_____________________________________________________________________ __.

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

______________________________________________________________________________.

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

_____________________________________________________________ жүзеге асыруға

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы)

20___ жылғы ___________ № _____________, _________________________ берілген,

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері),

берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды)

берген лицензиардың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны мынадай негіз (дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-көрсетілетін қызметті алушы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ___________________________________________________________________;

қайта құру _______________________________________________________________;

қосылу ___________________________________________________________________;

бөліп шығару ___________________________________________________________;

бөліну ___________________________________ жолымен қайта ұйымдастырылуы;

2) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушы атауының өзгеруі

_________________________________________________________________________;

3) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жерінің өзгеруі

________________________________________________________________;

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы

Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ___________ _____________________;

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____________;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ________________________________________________;

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _______________________________;

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ___________________________________________ __ (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта ________________________________________________ _.

Телефондары _____________________________________________________ __.

Факс ____________________________________________________________ _.

Банк шоты _______________________________________________________.

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_______________________________________________________________ __.

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы,

елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

1) көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

3) қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

4) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

____________________________
(ұйым басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңба

"Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша
Нысан

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

___________________________________________________________________________.
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

___________________________________________________________________________.
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

__________________________________________________________ жүзеге асыруға
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы)

20___ жылғы ___________ № _____________, ________________________ берілген,
(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны мынадай негіз (дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-көрсетілетін қызметті алушы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____________________________________________________________
_;
қайта құру ______________________________________________________
_;
қосылу __________________________________________________________
_;
бөліп шығару ____________________________________________________
__;
бөліну _________________________________ жолымен қайта ұйымдастырылуы;

2) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушы атауының өзгеруі ____________________________________________________________________;

3) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жерінің өзгеруі ______________________________________________________________;

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ___________ _____________________;

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____________;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ________________________________________________;

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____________________________________;

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы____________________.

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ________________________________________.

Телефондары ____________________________________________________.

Факс __________________________________________________________.

Банк шоты ______________________________________________________.

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

____________________________________________________________________
_

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы,

елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

1) көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

3) қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

4) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

_____________________________

(ұйым басшысының қолы, тегі,
аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) электрондық
цифрлық қолтаңба

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
2-қосымша

## "Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға лицензия беру"
## мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

"электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру - 15 (он бес) жұмыс күні;

қайта ресімделген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру - 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде лицензиялық алым 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алым - лицензия беру кезіндегі ставканың 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен аспайды.

3) алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейда банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) немесе екінші деңгейда банктер арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияларды қайта ресімдеуге лицензиялық алым төлегенін растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленген туралы көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) көрсетілетін қызметті беруші тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қою тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасаудың тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.miid.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Тау-кен және химия
өндірістерін пайдалану
қызметін жүзеге асыруға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

____________________________________________________________________
__.
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
____________________________________________________________________
__.
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
____________________________________________________________________
___
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)
____________________________________________________________________
___
______________________________ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ______ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы __________________________________________
_.
(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ____________________________________________;

Телефондары ________________________________________________;

Факс ______________________________________________________;

Банк шоты __________________________________________________;

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы_____________________________________________
_
____________________________________________________________________
___
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуг болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы ________ ____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Тау-кен және химия
өндірістерін пайдалану
қызметін жүзеге асыруға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға жеке тұлғаның өтініші**

______________________________________________________________.

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

______________________________________________________________.

(жеке тұлғаның тегі,аты,әкесінің аты(болған жағдайда), жеке сәйкестендңру нөмірі)

_______________________________________________________________

қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

______________________________________________________________

______________________________ (жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы____________________

__________________________________________________________________

__.

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы үй/ғимарат)

Электрондық пошта ________________________________________________.
Телефондары ____________________________________________________.
Факс ______________________________________________________________.
Банк шоты_________________________________________________________.
(шот нөмірі,банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияланды) жүзеге асыру
объектісінің мекенжайы____________________________________________
_
________________________________________________________________
__.
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Парақта қоса беріліп отыр ______.

Осымен:

көрлетілген барлық деректердің ресми байлыныстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тату мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _______ ______________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Мөр орны Толтыру күні: 20___ жылғы "__" _________________

"Тау-кен және химия
өндірістерін пайдалану
қызметін жүзеге асыруға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 3-қосымша

## Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны

1) тау-кен өндірісін пайдалану, қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кен орындарында

технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстарын жүргізу үшін:

Инженерлік құрылыстардың, машиналардың, тетіктердің, құралдардың, арнайы көліктердің, жабдықтардың, өлшеу жабдықтарының және бақыланатын технологиялық процестің болуы туралы ақпарат

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________;

(инженерлік құрылыстарды, машиналарды, тетіктерді, құралдарды, арнайы көліктерді және өзге жабдықтарды көрсету);

2) пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізуге:

жарылғыш заттармен жұмыс жасауға арналған лицензияның нөмірі____;

шарттың нөмірі _____________;

шарттың жасалған күні _____________;

жарылғыш заттарды сақтауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның атауы _____________;

ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогының болуы туралы ақпарат________________________________________________

ұйымның жарылғыш заттармен жұмыс жасауға арналған лицензиясы бар болған жағдайда 2), 3), 4) жолдар толтырылмайды;

3) ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу, жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу, ұңғымалар көтергішін орнату үшін; ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін:

тиісті технологиялық жабдықтардың болуы туралы ақпарат _______________ _______________________(қолда бар жабдықты көрсету);

4) химия өндірістерін пайдалану үшін:

тетіктердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде болуы туралы ақпарат

______________________________________________________________ (қолда бар тетіктерді, қондырғыларды және басқа жабдықты көрсету);

өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың аттестатының нөмірі және берілген күні ______________________________;

аккредиттелген зертханамен жасалған шарттың нөмірі _________;

аккредиттелген зертханамен шарттың жасалған күні ___________.

3), 4) тармақтардағы ақпарат меншікті зертханасы болмаған жағдайда толтырылады.

"Тау-кен және химия
өндірістерін пайдалану
қызметін жүзеге асыруға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 4-қосымша

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

_______________________________________________________________.
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
_______________________________________________________________.
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
_______________________________________________________ жүзеге асыруға (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы)

20___ жылғы " " ___________ № ____________, ______________ берілген, ( лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ( керектің асты сызылсын).

қағаз тасығышта ___ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-көрсетілетін қызметті алушы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____;

қайта құру ____;

қосылу ____;

бөліп шығару ____;

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы;

2) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушы атауының өзгеруі ____;

3) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жерінің өзгеруі ____;

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____;

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____;

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____;

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ________________________________________

_________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта _____________________________________________.

Телефондары ___________________________________________________.

Факс _________________________________________________________.

Банк шоты ____________________________________________________.

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _______________________________________________.

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы ________ ______________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________.

"Тау-кен және химия
өндірістерін пайдалану
қызметін жүзеге асыруға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 5-қосымша

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

______________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_______________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

_______________________________________________ жүзеге асыруға

20___ жылғы " " ___________ № ____________, _______________ берілген, ( лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ( керектің асты сызылсын).

қағаз тасығышта ___ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) жеке тұлға- көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты ( болған жағдайда) өзгеруі ___;

2) жеке кәсіпкер- көрсетілетін қызметті алушы қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______;

3) жеке кәсіпкер- көрсетілетін қызметті алушы қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі ____;

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада

көзделген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ________;

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _______;

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________;

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ____________________

___________________________________________________________________

___

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ________________________________________.

Телефондары ______________________________________________.

Факс ____________________________________________________.

Банк шоты ________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы ______________________________________________

_

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және ( немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _______ ____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" ______________________

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына 3-қосымша

## "Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыруына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
4-қосымша

## "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - 15 (он бес) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минут;

Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минут.

қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде - 15 (он бес) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны - электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі - экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін жүгінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі портал арқылы басып шығарылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік қызмет электрондық кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауға" болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның сенімхат арқылы өкілі) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің транзитіне рұқсат алуға арналған өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат ( тұлғаны сәйкестендіру үшін);

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы құжат – шетелдік заңды тұлға үшін;

жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжат – шетелдік жеке тұлға үшін;

экспорттаушы елдің экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті органы берген, өнімді әкетуге рұқсатының бар екендігі туралы құжат;

егер елдің заңнамасында осындай құжатты беру көзделмеген жағдайда, экспорттаушы елдің экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті органынан растау хаты ұсынылады;

оған қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен бірге өнімнің номенклатурасы мен көлемі заттай және құндық мәнде көрсетілген сыртқы сауда мәмілесінің қатысушылары арасындағы (сатушы, жүк жөнелтуші, сатып алушы, жүк алушы, делдал) өнімді жеткізуге арналған келісімшарт;

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты;

Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі құзыретті органдары рұқсатының қолданылу шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін бұзу айқындалған жағдайда оның тарапынан тасымалдың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптамаға және атқарушы органдардың басқа да қажетті іс-қимылдарына байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келтіру және/немесе экспортталуы мемлекетке жүкті қайтару қажеттігіне байланысты шығыстарды өтеуге кепілдікті растайтын (келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетілген) көрсетілетін қызметті алушының хаты;

егер жүк алушыға жүкті беру оған қатысы жоқ себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, транзитпен өтетін өнімді оның бұл жүкті қайта қабылдауға сөзсіз келісімін растайтын (келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетілген) ( көрсетілетін қызметті беруші атына жіберілетін) жүк жөнелтушінің хаты;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асырған кезде қозғалыс бағыты, кіру және шығу шекаралық бекеттері, көлік түрі туралы мәліметтер;

әскери (қосарлы) мақсаттағы өнім транзитін әскери қарауылмен алып жүрген кезде - әскери қарауыл адамдарының санын, олардың қарулары мен әкелінетін қарудың әр бірлігіне оқ-дәрілер туралы деректерді (маркасы (түрі), калибрі, саны ) көрсете отырып, әскери қарауыл туралы ақпарат;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық беретін адамдардың (әскери қарауыл құрамынан ) құжаттары, бекітілген қаруды, оқ-дәрілерді көрсете отырып, әскери бөлімнің лауазымды адамдарды бекіткен әскери қарауыл адамдарының атаулы тізімін және әскери қарауылдың тиісті ілеспе құжаттары (ұйғарым, жүктеу құжаты, қорытынды) ұсынады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген құжат сондай-ақ қосымша электронды түрінде word немесе excel форматында ұсынылады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, сегізінші, тоғызыншы абзацтарында көрсетілген құжаттар нотариалды куәландырылған көшірмелерінде ұсынылады. Шет тілдерінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

Егер шет мемлекеттің мемлекеттік органы көрсетілетін қызметті алушы болып шығатын жағдайда:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасының төртінші, тоғызыншы, оныншы абзацтарында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасының сегізінші абзацында көрсетілген келісімшарт болмаған кезде өнімді жеткізу қажеттілігін негіздейтін құжаттар ұсынылады;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген құжатты беру елдің заңнамасында көзделмесе, түсіндіру хаты ұсынылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, одан кейін осы құжатты көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді, сондай-ақ тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты береді;

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру жеке куәлікті (немесе нотариалдық куәландырылған сенімхаты бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады;

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өнімнің транзитіне рұқсат алуға арналған өтініш;

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы құжаттың электрондық көшірмесі – шетелдік заңды тұлға үшін;

жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі – шетелдік заңды тұлға үшін;

экспорттаушы елдің экспорттық бақылау мәселелері бойынша уәкілетті органы берген өнімді әкетуге рұқсатының бар екендігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

егер елдің заңнамасында осындай құжатты беру көзделмеген жағдайда, экспорттаушы елдің экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті органынан растаушы хаты ұсынылады;

оған қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен бірге өнімнің номенклатурасы мен көлемі заттай және құндық мәнде көрсетілген сыртқы сауда мәмілесінің қатысушылары арасындағы (сатушы, жүк жөнелтуші, сатып алушы, жүк алушы, делдал) өнімді жеткізуге арналған келісімшарттың электрондық көшірмесі;

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі құзыретті органдары рұқсатының қолданылу шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін бұзу анықталған жағдайда оның тарапынан тасымалдың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптамаға және атқарушы органдардың басқа да қажетті іс-қимылдарына байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды заңнама талаптарына сәйкес келтіру және/немесе экспортталуы мемлекетке жүкті қайтару қажеттігіне байланысты шығыстарды өтеуге кепілдікті растайтын (келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетілген) көрсетілетін қызметті алушының хатының электрондық көшірмесі;

егер жүк алушыға жүкті беру оған қатысы жоқ себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, транзитпен өтетін өнімді оның бұл жүкті қайта қабылдауға сөзсіз келісімін растайтын (келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетілген) ( көрсетілетін қызметті берушіге атына жіберілетін) жүк жөнелтуші хатының электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асырған кезде қозғалыс бағыты, кіру және шығу шекаралық бекеттері, көлік түрі туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;

әскери (қосарлы) мақсаттағы өнім транзитін әскери қарауылмен алып жүрген кезде - әскери қарауыл адамдарының санын, олардың қарулары мен әкелінетін қарудың әр бірлігіне оқ-дәрілер туралы деректерді (маркасы (түрі), калибрі, саны ) көрсете отырып, әскери қарауыл туралы ақпарат;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық беретін адамдардың (әскери қарауыл құрамынан ) құжаттары, бекітілген қаруды, оқ-дәрілерді көрсете отырып, әскери бөлімнің лауазымды адамдары бекіткен әскери қарауыл адамдарының атаулы тізімін және әскери қарауылдың тиісті ілеспе құжаттары (ұйғарым, жүктеу құжаты, қорытынды) ұсынады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 2) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші абзацтарында көрсетілген құжаттар нотариалды куәландырылған көшірмелерінде қоса ұсынылады. Шет тілдерінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

Егер шет мемлекеттің мемлекеттік органы көрсетілетін қызметті алушы болып шығатын жағдайда:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 2) тармақшасының үшінші, сегізінші, тоғызыншы абзацтарында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 2) тармақшасының жетінші абзацында көрсетілген келісімшарт болмаған кезде өнімді жеткізу қажеттілігін негіздейтін құжаттар ұсынылады;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 2) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген құжатты беру елдің заңнамасында көзделмесе, түсіндіру хаты ұсынылады.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасын, жеке кәсіпкерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің ) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-62, 75-48-60.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі;

шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды;

шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі;

Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымды қабылдауды растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымымен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзіне өзі қызмет көрсетуді, өз бетімен қозғалуды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация жұмыскері 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шығумен жүргізеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Экспорттық бақылауға
жататын өнімнің транзитіне
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
Стандартына 1-қосымша

Нысан

## № __ өнімнің транзитіне рұқсат алуға арналған өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| |
|---|
| 1.____________________________________________________________ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы) |
| 2. Көрсетілетін қызметті алушы ________________________________________ жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі; заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, шетелдік заңды тұлғаның филиалының немесе өкілеттілігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлғада бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда; елі, заңды мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. Жүк жөнелтуші (толық атауы, елі, заңды мекенжайы, телефоны): | | | |
| 4. Баратын ел: | | | |
| 5. Жүк алушы (толық атауы, елі, заңды мекенжайы, телефоны): | | | |
| 6. Баратын елі: | | | |
| 7. Рұқсаттың қолданылу мерзімі: | | | |
| 8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункті<br>- кіру:<br>- шығу: | 9. Көлік түрі:<br>10. Келісімшарттың валютасы: | | |
| 11. Өнімнің атауы: | 12. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды:<br>13. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды: | 14. Өлшем бірлігі:<br>15. Саны: | 16. Өнімнің келісімшарт валютасындағы жалпы құны: |
| 17. Сыртқы сауда келісімшарты, нөмірі және күні: | | | |
| 18. Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға рұқсатты беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің өтініш берілетін түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; көрсетілетін қызметті алушы рұқсатты беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді. | | | |
| 19. Сақтандыру компаниясының атауы, сақтандыру шартының нөмірі және күні: | | | |
| 20. Рұқсаттың ерекше шарттары: | | | |
| 21. Өтініш берушіден ________ ____________________________________________<br>(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Мөрдің орны (болған жағдайда)<br>Толтыру күні: 20___ жылғы "___" _______________ | | | |
| 22. Көрсетілетін қызметті беруші ___________________________________________<br>(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)<br>20__жылғы "____"_________________ өтініш қарауға алынды | | | |

"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

## Мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асырған кезде қозғалыс бағыты, кіру және шығу шекаралық бекеттері, көлік түрі туралы мәліметтер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.07.2017 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді –

ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| № | Көрсеткіштер | Көрсеткіш мазмұны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | Жүктің толық атауы | | |
| 2 | Өлшем бірлігі | | |
| 3 | Саны | | |
| 4 | Қауіптілік сыныбы | | |
| 5 | БҰҰ коды | | |
| 6 | ҮЖН коды | | |
| 7 | ЕЭК СЭҚ ТН коды | | |
| 8 | Көрсетілетін қызметті алушы толық атауы, елі, заңды мекенжайы, телефоны | | |
| 9 | ҚР аумағы бойынша экспедитор толық атауы, заңды мекенжайы, телефоны, шарттың нөмірі және күні | су көлігімен тасымалданған жағдайда талап етілмейді) | шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса беріледі |
| 10 | Тасымалдаушының ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға арналған лицензиясы | лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген мемлекеттік органның атауы | ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау кезінде |
| 11 | Жүктерді күзету ұйымның толық атауы, заңды мекенжайы, телефоны, шарттың нөмірі және күні | (теміржол және су көлігімен тасымалдаған жағдайда талап етілмейді) | күзетілетін өнімнің номенклатурасы мен көлемін көрсете отырып шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса беріледі |
| 12 | Жүкті физикалық қорғау жөніндегі ұйымының күзет қызметін жүзеге асыруға берілген құқығын растайтын құжат | күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген мемлекеттік органның атауы | |
| 13 | Көлік түрі | теміржол, автомобиль немесе су, немесе әуе | 1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | көлік құралының деректері қосымша көрсетіледі |
| 14 | 1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсаттың нөмірі (1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде) | Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 770 шешімімен бекітілген " Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің Пиротехникалық бұйымдары бар қауіпті жүктердің сыныптамасына сәйкес көлік қауіптілігінің 1.4 кіші сыныбы бар пиротехникалық бұйымдарды тасымалдау кезінде талап етілмейді | |
| 15 | Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралы жүргізушісінің дайындығы туралы куәліктің (жүргізушіге қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік) нөмірі | 1.4 көлік қауіптілігінің кіші сыныбы бар пиротехникалық бұйымдарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде | куәліктің көшірмесі қоса беріледі |
| 16 | Жүк жөнелтуші толық атауы, заңды мекенжайы, телефоны | | |
| 17 | Жүк алушы толық атауы, заңды мекенжайы, телефоны | | |
| | Тасымалдау маршруты: | | |
| 18 | Жөнелтуші пунктінің атауы, елі | | |
| 19 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы кіру кезіндегі өткізу пунктінің атауы | | |
| 20 | Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қозғалу бағыты | темір жол көлігімен тасымалдау кезінде толтырылмайды | 1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде маршрут арнайы рұқсатқа сәйкес көрсетіледі |
| 21 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы шығу кезіндегі өткізу пунктінің атауы | | |
| 22 | Межелі пунктінің атауы, елі | | |
| 23 | Тасымалдау мерзімі күні, айы, жылы - күні, айы, жылы | | өтініштің 5-бағанына сәйкес |
| | Үшінші адамдарға және қоршаған ортаға келтірген зиянды өтеу жөніндегі көрсетілетін қызметті | | сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | алушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы деректер | сақтандыру компаниясының атауы, заңды мекенжайы, телефоны, шарттың нөмірі және күні | шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді |
| 25 | Авариялық карточканың нөмірі (қауіпті жүктер транзитінде) | автомобиль көлігімен 1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат бар болған кезде талап етілмейді | өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылған авариялық карточканың көшірмесі қоса беріледі |
| 26 | Химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты | "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 302 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес химиялық өнімге қатысты | көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылған көшірмесі қоса беріледі |

Көрсетілетін қызметті алушы ____________ __________________________________ _______________

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

Күні _______________

"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі-Т.А.Ә) не ұйымының атауы)

___________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Стандарт 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының

№__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атаулары:

1) ________________________________;

2) ________________________________;

3) ________________________________.

ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызметті (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы көрсетілсін) көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат 2 данада, әр тарапқа бір-біреуден жасалды.

ТАӘ (бар болса) ("Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясының қызметкері) (қолы)

Орындаушы: ТАӘ (бар болса) _________________

Телефоны _________________________

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының ТАӘ (бар болса)/қолы

20__ ж. "___" _________

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
5-қосымша

## "Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

"электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 5 (бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 5 (бес) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметкөрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесікөрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде лицензиялық алым 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алым - лицензия беру кезіндегі ставканың 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен аспайды.

3) алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейда банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) немесе екінші деңгейда банктер арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

"1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік органдардың келісімін алу үшін көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік органдарға сұрау салу жібереді. Мемлекеттік органдар рұқсат беруші органның сұрау салуы негізінде, өтініш берушінің заңмен белгіленген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі туралы жауапты үш жұмыс күні ішінде жібереді.

2014 жылғы 16 мамырдағы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25 бабы 3 тармағына сәйкес, келісуші мемлекеттік органдардан жауап алынған соң лицензия беріледі;"

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияларды қайта ресімдеуге лицензиялық алым төлегенін растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, ЭҮТШ арқылы төленген туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) көрсетілетін қызметті беруші тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің

**және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қою тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасаудың тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады
.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескеріле отырып, қойылатын өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.miid.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Уларды өндіру, өңдеу, сатып
алу, сақтау, өткізу, пайдалану,
жою жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

______________________________________________________________.
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
______________________________________________________________.
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

___________________________________________________________________

______________________________ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ______ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _______________________________________.
(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________;
Телефондары _______________________________________________;
Факс _____________________________________________________;
Банк шоты _________________________________________________;
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы ___________________________________________
_

______________________________________________________________________
___
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуг болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _________ _______________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" ___________________.

"Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға жеке тұлғаның өтініші

_________________________________________________________________.

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_________________________________________________________________.

(жеке тұлғаның тегі,аты,әкесінің аты(болған жағдайда), жеке сәйкестендңру нөмірі)

__________________________________________________________________

қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

(жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы______________________

______________________________________________________________
__.
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы үй/ғимарат)

Электрондық пошта _________________________________________.

Телефондары _________________________________________________.

Факс _________________________________________________________.

Банк шоты____________________________________________________.

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияланды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы ______________________________________________
_
______________________________________________________________
__.
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Парақта қоса беріліп отыр ______.

Осымен:

көрлетілген барлық деректердің ресми байлыныстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тату мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _______ ____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _____________________

"Уларды өндіру, өңдеу, сатып
алу, сақтау, өткізу, пайдалану,
жою жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

**Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою бойынша қызметті**

**жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын**
**құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны**

1. Уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың бар/жоғы:

1) Меншік құқығындағы өнеркәсіптік, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына сай келетін және мыналарды қамтитын өндірістік-техникалық база:

мамандандырылған өндірістік ғимарат _______;

арнайы жабдықталған қойма __________________;

жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жай____;

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері)_______;

технологиялық желілердің бар/жоғы туралы ақпарат ____________;

2) уларды дайындауға және өңдеуге арналған технологиялық регламенттің бар/жоғы туралы ақпаратты қамтитын уларды дайындауға және өңдеуге арналған , мынаны қамтитын технологиялық регламент ___________;

3) мыналарды:

жабдықтарды, тетіктерді, технологиялық желілерді пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылау мен қоршаған ортаны қорғауды;

медициналық бақылауды;

метрологиялық бақылауды;

улардың есепке алынуын қамтамасыз ететін қызметтер:

қызметтерді құру және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен қол қойылған күні ______________________________;

4) тиісті арнайы білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда аттестаттаған ұйымда өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен мамандардың, инженерлік-техникалық қызметкерлердің және улармен жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың, мыналарды қамтитын білікті құрамы:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) __________________;

лауазымы _______________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні _____________;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі ______________________________;

білімі бойынша мамандығы _______________________________;

арнайы білімін растайтын дипломның нөмірі мен күні ___________;

дипломды берген оқу орнының атауы ___________________________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқу және білімін тексеру туралы куәліктің немесе хаттаманың нөмірі мен күні _________________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқу және білімін тексеру туралы куәлікті немесе хаттаманы берген ұйымның атауы ______________;

5) өндірістік-техникалық базаны күзетуге күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған, мыналарды қамтитын шарт:

өндірістік-техникалық базаны күзету туралы шарттың нөмірі мен қол қойылған күні _______________________________;

шартты жасаған, күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның атауы ________________;

6) арнайы қорғаныш киімі, жеке қорғану құралдары (арнайы қорғаныш киімінің, жеке қорғану құралдарының бар/жоғы туралы ақпарат) ________;

7) ұйымның басшысы бекіткен уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жұмыстарын жүргізу кезінде аварияларды жою жоспары туралы ақпаратты қамтитын ұйымның басшысы бекіткен уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жұмыстарын жүргізу кезінде аварияларды жою жоспары _________;

8) ұйымның басшысы бекіткен уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жұмыстарын қауіпсіз жүргізу бойынша нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын ұйымның басшысы бекіткен уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жұмыстарын қауіпсіз жүргізу бойынша нұсқаулық________________.

2. Уларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану жөніндегі кіші қызмет түрі үшін:

1) Өнеркәсіптік, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі және мыналарды қамтитын өндірістік-техникалық база:

мамандандырылған өндірістік ғимарат __________;

өндірістің техникалық жобасына сәйкес уларды сақтауға арналған арнайы жабдықталған қойма (үй-жай)_______________________;

жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жай____;

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері)________;

өзге заңды негізде болған жағдайда шарттың нөмірі мен қол қойылған күні __ ____________;

шартты жасаған ұйымның атауы ______________________________;

2) мыналарды:

жабдықтарды, тетіктерді, технологиялық желілерді пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылау мен қоршаған ортаны қорғауды;

медициналық бақылауды;

метрологиялық бақылауды;

олардың есепке алынуын қамтамасыз ететін қызметтер:

қызметтерді құру және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен қол қойылған күні_____________________;

3) тиісті арнайы білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған ұйымда өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен мамандардың, инженерлік-техникалық қызметкерлердің және олармен жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың, мыналарды қамтитын білікті құрамы:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ______________________;

лауазымы ______________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні _______________;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі ______________________________;

білімі бойынша мамандығы ______________________________;

арнайы білімін растайтын дипломның нөмірі мен күні ________;

дипломды берген оқу орнының атауы ______________________________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқу және білімін тексеру туралы куәліктің немесе хаттаманың нөмірі мен күні ______________________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқу және білімін тексеру туралы куәлікті немесе хаттаманы берген ұйымның атауы______________;

4) күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен өндірістік-техникалық базаны күзетуге жасалған, мыналарды қамтитын шарт:

өндірістік-техникалық базаны күзетуге жасалған шарттың нөмірі мен қол қойылған күні ______________________________;

шарт жасалған, күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның атауы ______________________________;

5) арнайы қорғаныш киім, жеке қорғану құралдары:

(арнайы қорғаныш киім, жеке қорғану құралдарының болуы туралы ақпарат) ______________________________;

6) ұйымның басшысы бекіткен оларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану жұмыстарын жүргізу кезінде аварияларды жою жоспарының бар/жоғы туралы ақпаратты қамтитын ұйымның басшысы бекіткен оларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану жұмыстарын жүргізу кезінде аварияларды жою жоспары_____ _________________________;

7) ұйымның басшысы бекіткен оларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын ұйымның басшысы бекіткен оларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық__________________________ ____.

3. Уларды сатып алу, сақтау, өткізу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін:

1) уларды сақтауға арналған өнеркәсіптік, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына сай келетін меншік құқығындағы арнайы жабдықталған қойманың жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (қойманың орналасқан жері) _______;

2) мыналарды:

еңбек қауіпсіздігін бақылау мен қоршаған ортаны қорғауды;

медициналық бақылауды;

улардың есепке алынуын қамтамасыз ететін қызметтер:

қызметтерді құру және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен қол қойылған күні ________________________________;

3) тиісті арнайы білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда аттестаттаған ұйымда өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен мамандардың, инженерлік-техникалық қызметкерлердің және улармен жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың, мыналарды қамтитын білікті құрамы:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ______________________;

лауазымы ________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні _______________;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____________________;

білімі бойынша мамандығы ________________________________________;

арнайы білімін растайтын дипломның нөмірі мен күні ________________;

дипломды берген оқу орнының атауы _________________________________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқу және білімін тексеру туралы куәліктің немесе хаттаманың нөмірі мен күні ___________;

өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқу және білімін тексеру туралы куәлікті немесе хаттаманы берген ұйымның атауы ________________;

4) күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен арнайы жабдықталған қойманы күзетуге жасалған, мыналарды қамтитын шарт:

арнайы жабдықталған қойманы күзету туралы шарттың нөмірі мен қол қойылған күні ________________________________;

шарт жасалған күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның атауы ________________________________;

5) арнайы қорғаныш киім, жеке қорғану құралдары (арнайы қорғаныш киім, жеке қорғану құралдары туралы ақпарат) ______________________;

6) ұйымның басшысы бекіткен уларды сатып алу, сақтау, өткізу, жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын ұйымның

басшысы бекіткен уларды сатып алу, сақтау, өткізу, жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық ____________________.

"Уларды өндіру, өңдеу, сатып
алу, сақтау, өткізу, пайдалану,
жою жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

____________________________________________________________.

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

____________________________________________________________.

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________ жүзеге асыруға (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы )

20___ жылғы " " ___________ № ____________, ______________ берілген, ( лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ( керектің асты сызылсын).

қағаз тасығышта ___ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____;

қайта құру ____;

қосылу ____;

бөліп шығару ____;

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы;

2) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушы атауының өзгеруі ____;

3) заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жерінің өзгеруі ____;

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____;

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____;

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____;

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ________________________________________

___________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру
нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе
өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта ______________________________________________.

Телефондары _____________________________________________________.

Факс ___________________________________________________________.

Банк шоты ______________________________________________________.

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру
объектісінің мекенжайы ________________________________________________.

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы,
қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _________ ______________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" __________________.

"Уларды өндіру, өңдеу, сатып<br>алу, сақтау, өткізу, пайдалану,<br>жою жөніндегі қызметті жүзеге<br>асыруға лицензия беру" мемлекеттік<br>көрсетілетін қызмет стандартына<br>5-қосымша

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

___________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

___________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

___________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

________________________________________ жүзеге асыруға

20___ жылғы " " ___________ № ____________, _______________ берілген, ( лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ( керектің асты сызылсын).

қағаз тасығышта ___ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) жеке тұлға- көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты ( болған жағдайда) өзгеруі ___;

2) жеке кәсіпкер- көрсетілетін қызметті алушы қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______;

3) жеке кәсіпкер- көрсетілетін қызметті алушы қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі ____;

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада

көзделген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ________;

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _______;

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________;

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ____________________

_____________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта __________________________________________.

Телефондары _______________________________________________.

Факс _____________________________________________________.

Банк шоты ___________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы ______________________________________________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _______ ___________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" ______________________

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
6-қосымша

## "Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру"
## мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

"электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі порталға жүгінген сәттен бастап:

экспортқа лицензия беру кезінде - 1 (бір) жұмыс күні;

импортқа лицензия беру кезінде - 5 (бес) жұмыс күні;

жедел-іздестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдардың немесе шифрлау (криптографиялық) құралдарының экспортына ( импортына) немесе лицензия беру кезінде – 10 (он) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметкөрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі –жекелеген тауарлар түрлерінің импорты және (немесе) экспортына арналған лицензия не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет

көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде лицензиялық алым 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алым 1 АЕК құрайды.

3) алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейда банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) немесе екінші деңгейда банктер арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымша және (немесе) толықтырудың (бір жолғы лицензия үшін )электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын басқа құжаттың көшірмесі;

егер мұндай қызмет түрі оған қатысты Қазақстан Республикасының аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымымен байланысты болса

лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның бар екендігі туралы мәлімет;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәлімет;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленген туралы көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік органдардың келісімін алу үшін, көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік органдарға сұрау жолдайды. Мемлекеттік органдар уәкілетті органға қарау нәтижелері туралы бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Мемлекеттік органдар белгіленген мерзімдерде жауап ұсынбаған жағдайда рұқсат беру келісілген болып саналады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) көрсетілетін қызметті беруші тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады;

7) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттарында толық емес және дұрыс емес мәліметтердің болуы;

8) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген талаптардың сақталмауы;

9) лицензияны беруге негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттардың қолданысын тоқтату немесе тоқтата тұру;

10) іске асыру үшін лицензиясы сұратылатын шартты (келісімшартты) орындау салдары болуы мүмкін мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерінің бұзылуы;

11) квотаның, сондай-ақ тарифтік квотаның таусылуы не олардың болмауы ( квоталық тауарларға лицензия ресімдеген жағдайда);

12) Еуразиялық экономикалық комиссия актісімен көзделген өзге де негіздер.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қою тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін жауапты

орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасаудың тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.miid.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Жекелеген тауарлар түрлерінің
импортына және (немесе) экспортына
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия алуға арналған өтініш

<table>
<tr><td>1. Өтініш №</td><td colspan="2">2. Қолданылу кезеңі<br>ЖЖЖЖ.КК.АА-дан бастап<br>ЖЖЖЖ.КК.АА дейін|</td></tr>
<tr><td>3. Лицензияның типі |ЭКСПОРТ</td><td colspan="2">4. Келісім-шарт<br>____ жылғы № ___</td></tr>
<tr><td>5. Көрсетілетін қызметті беруші |</td><td colspan="2">6. Сатып алушы</td></tr>
<tr><td>7. Тағайындалған елі|</td><td colspan="2">8. Сатып алушының елі|</td></tr>
<tr><td>9. Келісімшарт валютасы|</td><td>10. Құны</td><td>11. Статистикалық құны|</td></tr>
<tr><td>12. Шығарылған елі|</td><td>13. Саны</td><td>14. Өлшем бірлігі|</td></tr>
<tr><td colspan="3">15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы</td></tr>
<tr><td colspan="3">16. Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>17. Лицензия беру үшін негіздеме</td><td colspan="2">18. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы<br>Т.А.Ә<br>Лауазымы<br>Телефоны<br>Қолы және мөрі Күні</td></tr>
</table>

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия алуға арналған өтініш

| | |
|---|---|
| 1. Өтініш № | 2. Қолдану кезеңі<br>ЖЖЖЖ.КК.АА-дан бастап<br>ЖЖЖЖ.КК.АА дейін\| |
| 3. Лицензияның типі \|ИМПОРТ | 4. Келісімшарт<br>____ жылғы № ___ |
| 5. Көрсетілетін қызметті беруші | 6. Сатушы |
| 7. Жіберу елі | 8. Сатушының елі |

| | | |
|---|---|---|
| 9. Келісім-шарт валютасы | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы<br>Т.А.Ә.<br>Лауазымы<br>Телефоны<br>Қолы және мөрі Күні | |

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия алуға арналған өтінішке қосымша

| | | | |
|---|---|---|---|
| Кеден одағына қатысушы мемлекеттің атқарушы билігінің уәкілетті мемлекеттік органы | | | |
| жылғы № лицензияға қосымша | | | |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| | | 18. Уәкілетті тұлға<br>Т.А.Ә. | |

| | |
|---|---|
| Барлығы парақ Парақ № | Лауазымы<br>Қолы және мөрі Күні |

"Жекелеген тауарлар түрлерінің
импортына және (немесе)
экспортына лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

## Тауарлар экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № р/с | Біліктілік талаптары | Оларға сәйкестікті растайтын құжаттар * | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Тауарлар экспорты және импорты кезінде ** өтініш беруші немесе тиісті өкілеттілігі жазбаша расталған оның өкілі Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензия және рұқсат беру қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 Қосымшаға сәйкес Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамаға қосымша) 10-тармағының 1) – 5) тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ төменде ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді ұсынады. | | | |
| 1 | Тараптардың сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру ниеттерін растау | Сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі , қосымшаның және (немесе) оған толықтырудың, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың көшірмесі | |
| 2 | Мемлекеттік тіркеу туралы немесе салық органында есепке тұрғаны туралы құжаттың көшірмесінің ( мәліметтерінің) болуы | Мемлекеттік тіркеу туралы немесе салық органында есепке тұрғаны туралы құжаттың көшірмесі (мәлімет) | |
| 3 | Тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға арналған рұқсат | Егер қызметтің мұндай түрі оған қатысты Еуразиялық Экономикалық Одақтың кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымымен байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі немесе лицензияланған қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы туралы мәліметтер | |
| Бағалы металдар, асыл тастар мен құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын экспорттау кезінде | | | |
| Бағалы металдар | | | |
| | | Жер қойнауын пайдалану құқығына берілген лицензияның немесе келісімшарттың (шарттың), не жер | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Жер қойнауын пайдалану құқығына р ұ қ с а т (өндіру субъектілері үшін) | қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарттың (шарттың) тіркелуі туралы актінің көшірмесі*** | |
| 5 | Асыл тастарды сатып алудың заңдылығын растау (өндіріс субъектілері үшін) | Аффинирленген бағалы металдардың меншікте екендігін растайтын келісімшарттың (шарттың) көшірмесі | |
| 6 | Ұйымды арнайы есепке қоюды растау (өндіріс субъектілері үшін) | Арнайы есепке қою туралы құжаттың көшірмесі немесе қызмет түріне берілген лицензияның көшірмесі | |
| Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары | | | |
| 7 | Уәкілетті мемлекеттік органның жер қойнауын пайдалануға берген р ұ қ с а т ы (өндіру субъектілері үшін) | Жер қойнауын пайдалану құқығына берілген лицензияның немесе келісімшарттың (шарттың), не жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарттың (шарттың) тіркелуі туралы актінің көшірмесі*** (өндіріс субъектілері үшін)*** | |
| 8 | Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының құрамында бағалы және ілеспе алынатын металдардың құрамы туралы ақпараттың болуы | Құрамында бағалы және ілеспе алынатын металдар бар екені туралы құжаттың көшірмесі | |
| 9 | Осындай шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі ) және экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы растау | Осындай шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы уәкілетті органның қорытындыларының көшірмесі | |
| 10 | Тауарлардың меншік құқығын растау (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдар үшін) | Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын сатып алудың (иеленудің) заңдылығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| Минералды шикізатты экспорттау кезінде | | | |
| 11 | Тауарды өндірудің және иеленудің заңдылығын растау | Тауарды өндірудің және иеленудің заңдылығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері | |
| Есірткі құралдары мен психотропты заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттардың импорты кезінде | | | |
| 12 | Тауарларды сәйкестендіретін құжаттардың болуы | Химиялық өнімнің қауіпсіздік паспортының көшірмесі | |
| 13 | Сақтандыру шартының болуы | Сақтандыру полисінің көшірмесі | |
| 14 | Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі | Сақтауға арналған қойманың санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының көшірмесі | Импорт кезінде |
| Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдардың (олардың жинақтауыштарын және қосалқы бөлшектерін, қолданбалы бағдарламалардың пакеттерін қоса алғанда), олардың нормативтік-техникалық құжаттамасының (конструкторлық және пайдалану құжаттамасын қоса алғанда) экспорты (импорты) кезінде | | | |
| 15 | Техникалық құжаттаманың болуы | Арнайы техникалық құралдарға берілетін техникалық құжаттаманың көшірмесі | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16 | Тауарды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу (жатқызбау) туралы ақпараттың болуы | Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша уәкілетті бөлімше немесе ұлттық қауіпсіздік органдары берген қорытындының көшірмесі | |
| 17 | Арнайы техникалық құралдардың үлгілерінің болуы | Арнайы техникалық құралдардың үлгілері (ұлттық қауіпсіздік органдарының талабы бойынша) | |
| Шифрлық (криптографиялық) құралдардың (олардың жинақтауыштарын және қосалқы бөлшектерін қоса алғанда), олардың нормативтік-техникалық құжаттамасының (конструкторлық және пайдалану құжаттамасын қоса алғанда) экспорты (импорты) кезінде | | | |
| 18 | Әкелінетін шифрлық ( криптографиялық) құралдардың құрамында радиоэлектронды құралдардың және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылардың болмауы | Әкелінетін шифрлық (криптографиялық) құралдардың құрамында радиоэлектронды құралдардың және ( немесе) жоғары жиілікті құрылғылардың жоқ екені туралы өтініш берушінің хабарламасы не заңнамада көзделген өзге құжат | |
| 19 | Тауарды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу (жатқызбау) туралы ақпараттың болуы | Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша ұлттық қауіпсіздік органдары берген қорытындының көшірмесі | |
| 20 | Техникалық құжаттаманың болуы | Шифрлық құралға арналған техникалық құжаттаманың көшірмесі (бастапқы кодтарын ұсынуы міндетті талап болып табылмайды, өтініш берушінің бастапқы кодтарын ұсынуға бас тартуы өзінен өзі өтініштен бас тартуға негіздемесі болып табылмайды) | |
| 21 | Шифровалды құралдардың үлгідердің болуы | Шифрлық құралдардың үлгілері (ғылыми-техникалық сараптама жүргізу үшін ұлттық қауіпсіздік органдарының талабы бойынша) | |

* ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір беті көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы беттері көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен куәландырылған болуы тиіс.

құжаттарды "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы немесе "Е-лицензиялау" www.elicense.kz веб-порталы арқылы ұсынған кезде құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмесі түрінде ұсынылады;

көрсетілетін қызметті берушіде құжаттарда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған жағдайда, құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

** Еуразиялық экономикалық қауымдастық шеңберінде үшінші елдермен саудадағы Кеден одағына мүше мемлекеттер әкелуге және әкетуге тыйым немесе шектеулер салулар қолданатын тауарлардың Бірыңғай тізбесіне енгізілетін;

*** мұндай құжатқа өзгеріс пен толықтыру енгізілген жағдайларды қоспағанда, егер мұндай құжаттың көшірмесі бұрын ұсынылған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
7-қосымша

## "Экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттауға және импорттауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттауға және импорттауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

"электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Порталға өтініш берілген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны беру кезінде - 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде- 3 ( үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 30 (отыз) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметкөрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі –экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорты және (немесе) импортына арналған лицензия, қайта ресімделген лицензия, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде лицензиялық алым 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алым 1 АЕК құрайды.

3) алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейда банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) немесе екінші деңгейда банктер арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензиялық алым төлегенін растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметтіалушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленгені туралы көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмеуі;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

6) сот орындаушысының ұсынысы негізінде көрсетілетін қызметті алушыға соттың лицензия алуға тыйым салуы.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қою тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасаудың тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін

қызметті берушінің өтінішин өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.miid.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ

мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Экспорттық бақылауға
жататын өнімді экспорттауға
және импорттауға лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

## Экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттауға арналған лицензияны алуға арналған өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | |
|---|---|
| 1. Өтініш № | |
| 2. Өтініш беруші (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН) | |
| 3. Әзірлеуші (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН ( Қазақстан Республикасының резиденті үшін) | |
| 4. Сатып алушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 5. Соңғы тұтынушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органы | 7. Лицензияның әрекет ету мерзімі |
| 8. Лицензияны сұрау үшін негіз (шарт, келісімшарт, келісім немесе сыртқы сауда мәмілесінің қатысушылары арасындағы өзге иеліктен шығару құжаты) | |
| 9. Өнімнің атауы | |
| 10. Тауардың ЕАЭҚ СЭҚ ТН бойынша коды | 11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды |
| 12. ЕАЭҚ СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі немесе қосалқы) | 13. Жиынтық саны |
| 14. Келісімшарт валютасы | 15. Келісімшарт валютасындағы жалпы құны |
| 16. Есеп айырысу (валюталық) шоттарының нөмірлері, банк атауы | |
| 17. Осымен: өтініш берушінің ақпараттық жүйелерде көрініс табатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға өз келісімін беретіні; өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) жоқ екені; барлық ұсынылған құжаттар анық және жарамды болып табылатындығы расталады. | |
| 18. Өтініш берушіден: Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)___________ Лауазымы_____________________________________________ Күні________________________ | |
| 19. Лицензияның ерекше шарттары | |

"Экспорттық бақылауға
жататын өнімді экспорттауға
және импорттауға лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 2-қосымша
Нысан

# Экспорттық бақылауға жататын өнімді импорттауға лицензия алу үшін өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | |
|---|---|
| 1. Өтініш № | |
| 2. Өтініш беруші (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН) | |
| 3. Соңғы тұтынушы (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы БСН/ЖСН) | |
| 4. Сатушы (толық атауы, ел, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 5. Шыққан елі | |
| 6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органы | 7. Лицензияның әрекет ету мерзімі |
| 8. Лицензияны сұрау үшін негіз (шарт, келісімшарт, келісім немесе сыртқы сауда мәмілесінің қатысушылары арасындағы өзге иеліктен шығару құжаты) | |
| 9. Өнімнің атауы | |
| 10. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды | 11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды |
| 12. ЕАЭҚ СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі немесе қосалқы) | 13. Жиынтық саны |
| 14. Келісімшарт валютасы | 15. Келісімшарт валютасындағы жалпы құны |
| 16. Есеп айырысу (валюталық) шоттарының нөмірлері, банк атауы | |
| 17. Осымен:<br>өтініш берушінің ақпараттық жүйелерде көрініс табатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға өз келісімін беретіні;<br>өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңы күшіне енген шешімінің (үкімінің) жоқ екені;<br>барлық ұсынылған құжаттар анық және жарамды болып табылатындығы расталады. | |
| 18. Өтініш берушіден:<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)___________<br>Лауазымы ____________________________________________________________<br>Күні______________________ | |
| 19. Лицензияның ерекше шарттары | |

"Экспорттық бақылауға жататын
өнімді экспорттауға және импорттауға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 3-қосымша

**Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Экспорттық бақылауға жататын тауарлардың экспорты мен импорты жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі - талаптар) "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын ( тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына сәйкес:

Талаптар мыналардың болуын қамтиды:

сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы сатып алу-сату келісімшартының (шартының) немесе өзге де иеліктен шығару құжатының өтінім берушінің мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмесі;

егер өтінім беруші ретінде делдал әрекет етсе, экспорттаушы мен өндіруші немесе импорттаушы мен тұтынушы арасындағы шарттардың өтінім берушінің мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмесі;

Қазақстан Республикасынан импортталатын өнімнің тек түпкі пайдаланушы елдің мұқтажы және қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға немесе беруге жол бермеу үшін ғана пайдаланылатыны туралы алушы елдің міндеттемелерін қамтитын алушы елдің уәкілетті мемлекеттік органы берген түпкі пайдаланушы сертификаты (экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттаған кезде).

1) 0 санатына жатқызылған ядролық материалдардың, технологиялардың, құрылғылардың және жабдықтардың экспорты (импорты) кезінде:

ядролық қаруы жоқ елдерге экспорттаған кезде - импорттаушы елдің құзыретті мемлекеттік органы тарапынан алынатын тауарлардың бейбіт мақсатта пайдаланылуы туралы растаманың ресми түпнұсқасы;

импорттау кезінде - Қазақстан Республикасындағы түпкі пайдаланушы тарапынан алынатын тауарлардың бейбіт мақсатта пайдаланылуы туралы растамасының ресми түпнұсқасы, сондай-ақ тауар шыққан елдің құзыретті органдары берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі;

растамалар ядролық экспорттың (импорттың) алынған заттары, сондай-ақ олардың негізінде немесе оларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық және арнайы ядролық емес материалдар, құрылғылар мен жабдықтар:

ядролық қару мен басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды өндіру үшін немесе қандай да бір әскери мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылмайтыны;

оларды іс жүзінде пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) кепілдігінде тұратындығы;

МАГАТЭ ұсынғаннан төмен болмайтын деңгейлердегі физикалық қорғау шараларымен қамтамасыз етілетіндігі;

осы талаптардың тек 1-тармағының 1) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші абзацтарында көзделген шарттарда және Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің жазбаша келісімі болған кезде кері экспортталатыны ( экспортталатыны) немесе алушы елдің заңды құзырынан берілетіні туралы міндеттемелерді қамтуы тиіс;

атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі;

2) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-санаттарға жатқызылған (ядролық жеткізушілер тобы (ЯЖТ) үшін ғана) жабдықтарды, материалдарды және қосарлы пайдаланудың тиісті технологияларын экспорттаған (импорттаған) кезде:

ядролық қаруы жоқ елдерге экспорттаған кезде - импорттаушы елдің түпкі пайдаланушысы тарапынан алынатын тауарлардың бейбіт мақсатта пайдаланылуы туралы ресми растаманың түпнұсқасы;

импорттау кезінде - Қазақстан Республикасындағы түпкі пайдаланушы тарапынан алынатын тауарлардың бейбіт мақсатта пайдаланылуы туралы ресми растаманың түпнұсқасы, сондай-ақ тауар шыққан елдің құзыретті органдары берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі;

растамалар ядролық экспорттың (импорттың) алынған заттары, сондай-ақ олардың негізінде немесе оларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық және арнайы ядролық емес материалдар, құрылғылар мен жабдықтар:

ядролық қару мен басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды өндіру үшін немесе қандай да бір әскери мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылмайтыны;

МАГАТЭ кепілдігінде тұрмаған ядролық отын циклі саласындағы қызметте пайдаланылмайтыны;

осы талаптардың тек 1-тармағының 2) тармақшасының бесінші, алтыншы абзацтарында көзделген шарттарда және Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің жазбаша келісімі болған кезде кері экспортталатыны ( экспортталатыны) немесе алушы елдің заңды құзырынан берілетіні туралы міндеттемелерді қамтуы тиіс;

атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі;

3) иондаушы сәуле шығару көздерінің және изотоптардың, рентгендік, альфа-, бета-, гамма- немесе нейтрондық сәулеленуді (қосалқы бөлшектерді қоспағанда ) пайдалануға негізделген аппаратураның импорты кезінде:

тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарында рәсімделген тапсырыс-өтінімнің түпнұсқасы;

тауар шыққан елдің құзыретті органы берген тауардың шығу тегі сертификатының көшірмесі немесе тауарды алғаннан кейін ұсынылғаны туралы кепілдік хаты;

иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (тек медициналық рентген жабдықтарына ғана);

атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі;

4) жарылғыш материалдардың экспорты (импорты) кезінде (аңшылық оқ-дәрісінен басқа):

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген жарылғыш материалдарды сатып алуға (импорт үшін) рұқсаттың ( куәліктің) көшірмесін;

аумақтық ішкі істер органы берген жарылғыш материалдарды сатып алуға арналған рұқсаттың көшірмесін;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген жарылғыш материалдарды сақтау үшін қойманы (базистік, шығыс) пайдалануға арналған рұқсаттың көшірмесін;

аумақтық ішкі істер органы берген жарылғыш материалдарды сақтауға арналған рұқсаттың көшірмесін;

жарылғыш материалдарды автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда, аумақтық жол полиция органы рұқсат берген қауіпті жүктерді тасымалдауға көлік құралына берілген рұқсаттың, тасымалдауға арналған рұқсаттың және қауіпті жүктерді тасымалдау құқығына арналған лицензияның көшірмелерін;

5) азаматтық пиротехникалық бұйымдардың экспорты (импорты) кезінде:

аумақтық ішкі істер органы азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға (импорттау үшін) берген лицензияның көшірмесі;

аумақтық ішкі істер органы азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтауға берген рұқсаттың көшірмесі;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтау үшін қойманы (базистік, шығыс) пайдалануға арналған рұқсаттың, куәліктің көшірмесін;

6) 9-санатқа жатқызылған экспорттық бақылауға жататын тауарлардың экспорты (импорты) кезінде:

экспортталатын өнімге техникалық ұсыныс (авангардтық жоба) немесе техникалық жоба;

ескертпе: импорттаушы елдің түпкі пайдаланушысы сертификатының түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
8-қосымша

## "Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өңдеуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 37 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі порталға жүгінген сәттен бастап - 10 ( он) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) өнімді өңдеуге арналған сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) электрондық көшірмесі;

3) "Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттың нысанын және оны толтыру мен беру, оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу, оны кері қайтарып алу (жою) және (немесе) оның қолданылуын қайта бастау, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұзарту және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу бойынша операциялар нәтижесінде түзілген қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 392 қаулысына сәйкес тиісті құзыретті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды аумақтан тыс жерде және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың электрондық көшірмесі (егер өңдеу мақсаты жөндеу болып табылса, көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді).

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін белгілеу;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-62, 75-48-60.

Шағым пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы шағымда өзінің тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымымен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.miid.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Өнімді Қазақстан Республикасының
аумағынан тыс
жерде өңдеуге рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 1-қосымша

## Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беруге өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| |
|---|
| 1. ____________________________________________ (уәкілетті органның толық атауы) |
| 2. ____________________________________________ (өтініш берушінің толық атауы, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды (іс жүзіндегі) мекенжайы, телефоны) |
| 3. Қайта өңдеуші, оның заңды (іс жүзіндегі) мекенжайы, телефоны: |
| 4. Баратын елі: |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. Қайта өңдеу сипаты: | | | | |
| 6. Мемлекеттік кірістер органы: | | | | |
| 7. Өнімнің атауы: | 8. Өнімнің Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша коды: | 9. Өнімнің бақылау тізімдері бойынша коды: | 10. Өлшем бірлігі: | 11. Саны: |
| 12. Қайта өңдеу өнімдерінің атауы: | 13. Өнімнің Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша коды: | 14. Өнімнің бақылау тізімдері бойынша коды: | 15. Өлшем бірлігі: | 16. Саны: |
| 17. Рұқсат сұрау үшін негіз (қайта өңдеу шартының (келісімшартының) нөмірі және күні): | | 18. Осымен: қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші рұқсатты беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді. | | |
| 19. Өтініш берушіден ____________________________________________________ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Толтыру күні: 20__ жылғы "__" __________________. | | | | |
| 20. Рұқсаттың ерекше шарттары: | | | | |

"Өнімді Қазақстан
Республикасының аумағынан тыс
жерде өңдеуге рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 2-қосымша

## Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат алуға арналған құжат туралы мәліметтер нысаны*

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өнімді Қазақстан
Республикасының аумағынан тыс
жерде өңдеуге рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 3-қосымша

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
9-қосымша

# "Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 30 (отыз) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

Мемлекеттік корпорацияға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде - 30 (отыз) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған болмауы фактісі құжаттардың толық белгіленген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі - экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдарға немесе өкілдіктерге, шетелдіктерге, шетелдік заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауға" болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш ;

жеке басын куәландырылатын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

импортталатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалану және оны қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген алушы елдің кепілдік міндеттемесі (түпкі пайдаланушының сертификатының).

Алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкі пайдаланушының сертификатының) түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметтіалушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда)

куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы беттері көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс;

құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, одан кейін түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді, сондай-ақ тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты береді;

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақпен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады;

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жеке куәлікті (немесе нотариалдық куәландырылған сенімхаты бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады;

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді;

көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

импортталатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалану және оны қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкі пайдаланушының сертификатының) түпнұсқасының электрондық көшірмесі.

Алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкі пайдаланушының сертификатының) түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың электрондық көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдарын немесе өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде- көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін белгілеу;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы шағымда өзінің тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымды қабылдауды растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішин өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлек6ттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзіне өзі қызмет көрсетуді, өз бетімен қозғалуды, бағдаралуды жүзеге қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметтері 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шығумен жүргізеді.

Ескерту. 4-тарау 16-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

## Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспортына рұқсат алуға арналған өтініш

| | |
|---|---|
| 1. ______________________________<br>(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы) | |
| 2. ______________________________<br>(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі; заңды (нақты) мекенжайы, телефоны | |
| 3. Жіберетін ел: | |
| 4. Алушының елі: | 5. Түпкі пайдаланушы (толық атауы, мекенжайы, телефоны): |
| 6. Рұқсатты сұрату үшін негіздеме (сыртқы сауда шарты (келісімшартының), ал сыртқы сауда шарты ( келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжат, № және қол қойылған күні): | |

<table>
<tr><td rowspan="2">7. Өнімнің атауы мен толық сипаттамасы:</td><td>8. Өнімнің СЭҚ ТН бойынша коды:</td><td>10. СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі және қосымша):</td><td rowspan="2">1 2 . Келісімшарт валютасы</td><td rowspan="2">13. Құны :</td></tr>
<tr><td>9. Өнімнің бақылау тізімдері бойынша коды:</td><td>11. Саны:</td></tr>
<tr><td colspan="5">Басшы ________ ___________________________________________<br>(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________.</td></tr>
<tr><td colspan="5">15.Көрсетілетін қызметті беруші ___________________________________<br>(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)<br>Өтініш қарауға қабылданды<br>20___жылғы "____" ________________</td></tr>
<tr><td colspan="5">16. Рұқсаттың ерекше шарттары</td></tr>
</table>

"Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

## Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспортына рұқсат алуға арналған мәліметтер нысаны*

1. заңды тұлға үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) № және күні: ____________________________________________;

2. жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың №, күні, берген мемлекеттік органның атауы: ___________________________________;

3. дара кәсіпкер үшін - дара кәсіпкер ретінде өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің № және берілген күні: ________________;

4. Қазақстан Республикасынан өнімді әкетуге бұрын берілген рұқсат ету құжаты бойынша ақпарат: экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына берілген лицензияның №; берілген күні (жыл/күн/ай) _______________.

* шетелдік заңды тұлға, шетелдік болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге заңды тұлға үшін - көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасын; жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; жеке кәсіпкер үшін - көрсетілетін қызметті алушы жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін ұсынады. Көрсетілген құжаттар онда болмаған кезде өтініш беруші туралы осыған ұқсас мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттарды ұсынады.

"Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру"

мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
3-қосымша
(Көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған жағдайда)
(бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе
ұйымының атауы)
___________________________
___________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Стандарт 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан
Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып,
"Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясының" коммерциялық емес
акционерлік қоғамы филиалының № ____ бөлімі (мекенжайы:
_______________________________________) мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға
байланысты ____________________________________ мемлекеттік қызметті көрсетуге
құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Ұсынылмаған құжаттардың атауы:

1)________________________________________________________________;
2)________________________________________________________________;
3)…

Осы қолхат 2 данада әр тарапқа бір данадан жасалды.

________________________________________________ __________________
Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорацияның қызметкері) (қолы)
Орындаушы. Т.А.Ә._____________
Телефон __________
Алдым: ________________________ ________________________________________
Т.А.Ә. көрсетілетін қызметті алушының қолы
20 ___ ж. "___" ___________

Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
10-қосымша

# "Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Кепілдік міндеттеме (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 37 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - 7 (жеті) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде - 7 (жеті) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі - кепілдік міндеттеме (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік қызмет электрондық кезекті тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауға" болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш ;

жеке басын куәландырылатын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі;

сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының көшірмесі;

егер көрсетілетін қызметті алушы ретінде делдал болып шығатын болса, импорттаушы мен түпкілікті пайдаланушы арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының көшірмесі;

ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы беттері

көрсетілетін қызмет алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда)куәландырылған болуы тиіс;

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады;

құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, одан кейін осы құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді, сондай-ақ тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты береді;

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жеке куәлікті (немесе нотариалдық расталған сенімхаты бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді;

көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесінің электрондық көшірмесі;

сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының электрондық көшірмесі;

егер көрсетілетін қызметті алушы ретінде делдал болып шығатын болса, импорттаушы мен түпкілікті пайдаланушы арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының электрондық көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда)расталған болуы тиіс.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті

беруші, Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде- көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақпен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің

**және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы шағымда өзінің тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымды қабылдауды растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен өзіне өзі қызмет көрсетуді, өз бетімен қозғалуды, бағдаралуды жүзеге қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін кызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметтері 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шығумен жүргізеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 37 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Кепілдік міндеттемелерді<br>(түпкілікті пайдаланушының<br>сертификатын) беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызмет стандартына<br>1-қосымша

___________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_________________________________________________________________

(жеке тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, өтініш берушінің жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген куәлігінің № - жеке кәсіпкер үшін; өтініш берушінің заңды тұлғасының толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, өтініш берушінің заңды тұлғасының мемлекеттік тіркеу куәлігінің немесе анықтамасының № – заңды тұлға үшін.)

Мекенжай________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көшесінің аты, үйдің/ғимараттың нөмірі, телефоны)

**Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) алуға арналған**
**ӨТІНІШ**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушы сертификатын) беруді сұраймын.

_________парақ қоса беріледі

Осымен:

Көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беретіндігі;

Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтату немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкім) жоқтығы.

қоса беріліп отырған барлық құжаттардың шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы расталады.

Өтініш берушіден ___________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні 20___жылғы "______"_________________

"Кепілдік міндеттеме (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

## Импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі

| | | |
|---|---|---|
| СЕРТИФИКАТ № | | |
| 1. Импорттаушы (заңды және нақты мекенжайы, телефоны) БИН (ЖСН) | 2. Импорттаушы ел | |
| 3. Экспорттаушы (заңды және нақты мекенжайы, телефоны) | 4. Экспорттаушы ел | |
| 5. Түпкі пайдаланушы (мекенжайы, телефоны және қызмет саласы) | 6. Алынған лицензиялар туралы ақпарат | |
| 7. Өнімді орналастыру және (немесе) пайдалану орны | 8. Өнімді түпкі пайдалану | |
| 9. Өнімнің атауы | 10. Өнімнің СЭҚ ТН бойынша коды | 11. Өнімнің бақылау тізімдері бойынша коды |
| 12. Сертификатты сұрату үшін негіздеме (келісімшарт немесе шарт, № мен қол қойылған күні) | 13. Өлшем бірлігі | 14. Саны |
| 15. Импорттаушы (түпкі пайдаланушы) 9-тармақта көрсетілген тауарды Қазақстан Республикасына импорттауға міндеттенеді. Импорттаушы (түпкі пайдаланушы) 9-тармақта көрсетілген тауарды 8-тармақта көрсетілген мақсатта пайдалануға, оны Қазақстан Республикасының аумағындағы шаруашылық қызметтің басқа субъектісіне бермеуге және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз кері экспорттамауға міндеттенеді | | |
| 17. Импорттаушы<br>Т.А.Ә.<br>Лауазымы<br>Қолы, М.О.<br>Күні | 18. Түпкі пайдаланушы<br>Т.А.Ә.<br>Лауазымы<br>Қолы, М.О.<br>Күні | |

Сыртқы жағы

## Импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесіне қосымша

| Р/с № | Өнімнің атауы | СЭҚ ТН бойынша коды | Бақылау тізімдері бойынша коды | Саны | Өлшем бірлігі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| 3. | | | | | |
| 4. | | | | | |
| 5. | | | | | |
| Барлығы парақ Парақ № | | Импорттаушы Т.А.Ә. Лауазымы Қолы, М.О. Күні | | Түпкі пайдаланушы Т.А.Ә. Лауазымы Қолы, М.О. Күні | |

"Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Нұсқа
(көрсетілетін қызметті алушының тегі,
аты, әкесінің аты бар болса (бұдан әрі - Т.А.Ә)

________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 37 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атаулары:

1) ________________________________;

2) ________________________________;

3) ________________________________.

ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызметті (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы көрсетілсін) көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат 2 данада, әр тарапқа бір-біреуден.

Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорацияның қызметкері) (қолы)
Орындаушы: Т.А.Ә.________________
Телефоны __________________________
Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә./қолы
20__ ж. "___" _________

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 563 бұйрығына
11-қосымша

## "Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 37 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз);

12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі порталға жүгінген кезде - 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беретін, мемлекеттік органдармен келісуге жататын қорытындыларды қоспағанда, 7 (жеті) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесі - тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

тауардың фотосуреттерінің электрондық көшірмесі (бар болған жағдайда).

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Экспорттық бақылау жүйесіне тартылған мемлекеттік органдардың келісімдерін алу үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік органдарға сұрау салу жібереді. Экспорттық бақылау жүйесіне тартылған мемлекеттік органдар көрсетілетін қызметті алушының сауалы негізінде он жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге жауап жібереді.

Мемлекеттік органдар белгіленген мерзімде жауап ұсынбаған жағдайда рұқсат беру келісілді деп есептеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің ) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының

атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы шағымда өзінің тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу ( мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.06.2016 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзгеде талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.miid.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.07.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Тауарларды, технологияларды,
жұмыстарды, көрсетілетін
қызметтерді, ақпаратты
экспорттық бақылауға жататын
өнімге жатқызу туралы
қорытынды беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

______________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы

______________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

Заңды (нақты) мекенжайы: ______________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон)

Көрсетілетін қызметті алушының деректемелері

_______________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес- сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды алуға ӨТІНІШ**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды беруді сұраймыз.

Басшы ______________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

"Тауарларды, технологияларды,
жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді,
ақпаратты экспорттық бақылауға
жататын
өнімге жатқызу туралы қорытынды беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша

**Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды алу үшін мәліметтер нысаны***

1) тауардың атауы: _________________________________________;

2) экспорт/импорт: ___________________________________________;

2) кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің өнім номенклатурасы бойынша код № (он белгі): ___________________________;

3) тауардың техникалық сипаттамасы (сипаттау), химиялық

құрамы: ___________________________________________________________
;

4) сатушы ұйым, экспорттаушы ел: ______________________________;

5) тауардың функциялары: ______________________________________;

6) тауарды қолдану аясы (саласы): ______________________________;

7) түпкі пайдалану, түпкі пайдаланушы, әкелу/әкеті мақсаты:

___________________________________________________________________.

Ескертпе: * көрсетілетін қызметті алушы қаруға қатысты қорытынды алуға жүгінген кезде мыналардан таңдау керек:

6) тармақшада:

а) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құрамалары, мемлекеттік арнаулы және құқық қорғау органдары мен олардың бөліністерінде жауынгерлік және жедел-қызмет міндеттерін шешуге арналған;

б) азаматтардың өмірі мен денсаулығын, мүлігін қорғау, қоршаған ортаны және табиғат ресурстарын, құнды және қауіпті жүктерді, арнайы корреспонденцияларды қорғау мақсатында заңды және жеке тұлғалармен пайдалануға арналған;

в) азаматтар өзін-өзі қорғау, спортпен шұғылдану және аң аулау мақсатында пайдалануға арналған.

7) тармақшада:

а) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құрамалары, мемлекеттік арнаулы және құқық қорғау органдары мен олардың бөліністері;

б) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шекте заңды және жеке тұлғалар;

в) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шекте Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары.

"Тауарларды, технологияларды,<br>жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді,<br>ақпаратты экспорттық бақылауға<br>жататын өнімге жатқызу туралы<br>қорытынды беру" мемлекеттік<br>көрсетілетін қызмет стандартына<br>3-қосымша

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.12.2018 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК